**«6D050600 – Экономика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Мухаметжанова Жадыра Сайлаубековнаның «Кәсіпорынның инновациялық дамуының басым бағыттары (Алматы облысының тамақ өнеркәсібі саласындағы кәсіпорындар мысалында)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

# СЫН-ПІКІРІ

| р/н № | Критерийлер | Критерийлер сәйкестігі | Ресми рецензенттің ұстанымы |
|---|---|---|---|
| 1. | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы | 1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: | Диссертациялық жұмыстың тақырыбы ҚР АӨК дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бағытына сәйкес келеді:<br>3.1. Азық-түлік қауіпсіздігі Қазақстанда ғылымды дамытудың 7 басымдықтарының бірі – АӨК тұрақты дамыту және ауыл шаруашылығы өнімдерінің қауіпсіздігі болып табылады.<br>Сондай-ақ ҚР 2015-2019 жылдарға, 2020-2025 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламаларының бағытына сәйкес келеді:<br>4 пункт. «Бағдарламаны іске асыру мақсаттары, міндеттері, нысаналы индикаторлары және нәтижелердің көрсеткіштері». |
| | | 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);<br>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)<br>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) | Диссертация келесі нысаналы бағдарламалар аясында орындалған:<br>1. Қазақстан Республикасының 2015-2019 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламасы, 9 қыркүйек 2016 ж.;<br>2. Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, 12 шілде 2018 ж.;<br>3. Қазақстан Республикасының 2020-2025 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламасы, № 1050 31 желтоқсан 2019 ж. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2. | Ғылымға маңыздылығы | Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған. | Диссертациялық жұмыс тақырыбының маңыздылығы айқын, ғылымға елеулі үлесін қосады. Диссертациялық зерттеудің нәтижелері ҚР индустриялық-инновациялық дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруда ғылыми қолдау бола алады. |
| 3. | Өзі жазу принципі | Өзі жазу деңгейі:<br>1) жоғары;<br>2) орташа;<br>3) төмен;<br>4) өзі жазбаған | Докторанттың диссертациялық жұмысты өзі жазу деңгейі жоғары, ізденуші өздігінен орындау принципін жоғары деңгейде сақтаған, бұл өз бетінше жүргізілген бірқатар зерттеулерден және автордың ғылымға қосқан жеке үлесінен, ізденушінің диссертация тақырыбы бойынша жариялаған 10 ғылыми мақаласынан көрінеді. |
| 4. | Ішкі бірлік принципі | 4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:<br>1) негізделген;<br>2) жартылай негізделген;<br>3) негізделмеген. | Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі ҚР АӨК дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында басты міндет етіп қойылды. Себебі, халықты адам өміріне қауіпсіз тамақ өнімдерімен қамтамасыз ету үшін олардың сапасы жоғары, табиғи, бағасы қолжетімді болуы тиіс. Нан өнімдерінің сапасын, тағамдық құндылығын арттыру және ассортиментін кеңейту қазіргі уақытта нан пісіру кәсіпорындарының маңызды мәселелерінің бірі. Осыған орай, нан өнімдерін өндірудің тиімді тәсілдерін жасауға бағытталған зерттеулер диссертация тақырыбының өзектілігін айқындайды. |
| | | 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды<br>1) айқындайды;<br>2) жартылай айқындайды;<br>3) айқындамайды | Диссертациялық жұмыстың мазмұны оның тақырыбын толығымен айқындайды. Жұмыстың мазмұны барлық алға қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізілетіндей құрылымдалған. Диссертациялық зерттеудің мазмұны жұмыстың көрсетілген құрылымдық пункттеріне толығымен сәйкес келеді. |
| | | 4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:<br>1) сәйкес келеді;<br>2) жартылай сәйкес келеді;<br>3) сәйкес келмейді | Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толығымен сәйкес келеді. Олар диссертациялық жұмыстың негізгі аспектілерін ашады және сәйкес зерттеу нәтижелерін алуға мүмкіндік береді. Бұл нан өнімдерін өндіруші кәсіпорындарының инновациялық дамуының басым бағыттары бойынша кешенді талдау нәтижесінде ғылыми-тәжірибелік ұсыныстарды әзірлеу қажеттілігін растады. |
| | | 4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:<br>1) толық байланысқан; | Диссертация ғылыми жұмыстың біртұтас жүйесін құрайды, барлық бөлімдері мен құрылымы бір-бірімен өзара байланысқан. Ізденушінің диссертациялық жұмысының тақырыбы мен мақсаты, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 2) жартылай байланысқан;<br>3) байланыс жоқ | қорытындылары мен қорғауға шығарылған тұжырымдар арасында тұтастық пен логикалық үйлесім бар. |
| | | 4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:<br>1) сыни талдау бар;<br>2) талдау жартылай жүргізілген;<br>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген | Автор ұсынған жаңа шешімдер дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған. Ұсынылған модельдердің барлығы қисындылық тұрғыдан жүргізілген, теориялық талдаумен негізделген, эмпирикалық тұрғыдан математикалық модельдеу үдерісінде дәлелденген. |
| 5. | Ғылыми жаңашылдық принципі | 5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Диссертациялық жұмыста тұжырымдалған ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа және ішінара жаңа ғылыми негізделген теориялық және эмпирикалық нәтижелерді қамтиды. Өз кезегінде Қазақстандағы осы саланың дамуын анықтайды.<br>Ғылыми нәтижелер мен қағидаттардың жаңалығын растайтын нәтижелер төмендегідей:<br>1. «Инновациялық қызмет» және «инновациялық даму» түсініктеріне отандық және шетелдік ғалымдардың тұжырымдарына әдебиеттік шолу негізінде «инновациялық өнім» түсінігіне автордың берген көзқарасы жартылай жаңа болып саналады;<br>2. Инновацияның шағын және орта кәсіпорындардың еңбек өнімділігінің артуына оң әсері Gretl бағдарламасында эконометриялық модель арқылы ғылыми тұрғыда алғаш бағалануы толығымен жаңа болып табылады;<br>3. Тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарының инновациялық қызметіне әсер етуші факторлардың көп факторлы регрессия модельдері құрып, кәсіпорындардың инновациялық белсенділік деңгейіне келешекке болжам жасаған. Бұл толық ғылыми жаңалық болып есептеледі.<br>4. Инновацияны (процесстік, өнімдік) енгізу негізінде нан және нан-тоқаш өндірісінің табысын болжаудың үлгісінің әзірленуі толық жаңа жұмыс;<br>5. Кәсіпорынның инновациялық даму стратегиясын қалыптастыру үрдісінің схемасын әзірлеу негізінде автордың нан өнімдерін |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | өндіруші кәсіпорындарда оны жүзеге асыру сызбасы ұсынылуы ішінара жаңа болып есептеледі;<br>6. Нан өнімдерін өндіретін кәсіпорындардың инновациялық қызметін дамытудың басым бағыттары бойынша ұсыныстар сауалнама жүргізу, SWOT талдауға негізделіп берілген. Бұл ғылыми нәтижелердің толығымен жаңа екендігін айғақтайды. |
| | | 5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?<br>1) <u>толығымен жаңа;</u><br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Диссертацияның қорытындылары мен тұжырымдары ресми құжаттарға негізделген, отандық ғалымдар тарапынан арнайы, жеке зерттелмеген. Сондықтан толығымен жаңа болып табылады. |
| | | 5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?<br>1) <u>толығымен жаңа;</u><br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Диссертациялық жұмыста көрсетілген ғылыми тұжырымдар, қорытындылар мен ұсыныстардың экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа, әрі негізделген. Жұмыс нәтижесінде жасалған ғылыми тұжырымдар нан өнімдерін өндіруші кәсіпорындардың инновациялық қызметті дамытудың стратегиялық басым бағыттары бойынша инновациялық даму стратегиясын қалыптастыру мен жетілдіру жөніндегі міндеттерді шешуге сай келеді. |
| 6. | Негізгі қорытындылардың негізділігі | Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u>/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары боынша) | Диссертациялық зерттеуде тұжырымдалған барлық негізгі тұжырымдары мен қорытындылары жеткілікті дәрежеде ғылыми тұрғыда негізделген. Олар ғылыми маңызды әдеби көздерге және эмпирикалық деректерге, сондай-ақ пайдаланылатын аналитикалық және бағдарламалық құралдарға сүйенген. |
| 7. | Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар | Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:<br>7.1 Қағидат дәлелденді ме?<br>1) <u>дәлелденді;</u><br>2) шамамен дәлелденді;<br>3) шамамен дәлелденбеді;<br>4) дәлелденбеді<br>7.2 Тривиалды ма? | Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар:<br>1 қағидат. «Инновациялық қызмет» және «инновациялық даму» түсініктерін зерделей келе «жаңа инновациялық өнім немесе жетілдірілген өнім» тұжырымына автордың өз көзқарасының берілуі. Бұл жартылай жаңа жаңалық бола алады.<br>7.1 дәлелденді<br>7.2 жоқ<br>7.3 иә |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 1) ия;<br>2) жоқ<br>7.3 Жаңа ма?<br>1) ия;<br>2) жоқ<br>7.4 Қолдану деңгейі:<br>1) тар;<br>2) орташа;<br>3) кең<br>7.5 Мақалада дәлелденген бе?<br>1) ия;<br>2) жоқ | 7.4 кең<br>7.5 иә, Мухаметжанова Ж.С. Кәсіпорынның инновациялық белсенділік деңгейін талдау // Устойчивое развитие Центральной Азии: новые перспективы и направления для исследований. Международная научная конференция молодых ученых и докторантов. –АО Университет Нархоз. –Алматы: «Экономика», 11 апреля 2017. – С.141–148.<br>2 қағидат. Зерттеу гипотезасы негізінде инновация шағын және орта кәсіпорындардың еңбек өнімділігінің артуына оң әсерін тигізетіні Gretl бағдарламасында эконометрикалық модель арқылы бағалануы алғаш рет ғылыми айналымға енгізіліп отыр. Сондықтан жұмыстың толығымен жаңа ғылыми жаңалығы болып саналады.<br>7.1 дәлелденді<br>7.2 жоқ<br>7.3 иә<br>7.4 кең<br>7.5 иә, Mukhametzhanova Zh., Daurenbekova A,. et. all. Evaluation of influence of innovation on enterprise productivity // Space and Culture. –India. –2019. –Volume 7. –№ 1. – P.186-193. (Q2).<br>3 қағидат. Тамақ өнімдерін өндіруші кәсіпорындардың инновациялық қызметіне әсер етуші факторлардың көп факторлы регрессия моделі құрылды. Бұл толық ғылыми жаңалық болып есептеледі.<br>7.1 дәлелденді<br>7.2 жоқ<br>7.3 иә<br>7.4 кең<br>7.5 иә, Мухаметжанова Ж.С. Қазакстандағы кәсіпорындардың инновациялық қызметіне әсер етуші факторларды талдау // Ежеквартальный научно-практический журнал Статистика, учет и аудит. –Алматы: Типография ТОО «МВФ-РУ», 2017. –№3 (66). – С.114–121.<br>4 қағидат. Инновацияны енгізу мен факторлық талдау негізінде өндірістің табыс көлемінің артуын болжау үлгісінің әзірленуі толығымен жаңа болып саналады. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | 7.1 дәлелденді<br>7.2 жоқ<br>7.3 иә<br>7.4 кең<br>7.5 иә, Мухаметжанова Ж.С. Алматы облысының нан және нан-тоқаш өнімдері нарығы // Теоретический, научно-практический журнал «Проблемы агрорынка».–Алматы: 2018.–№2 –Б.225–231 Теоретический, научно-практический журнал «Проблемы агрорынка».–Алматы: 2018.–№2 –Б.225–231<br>5 қағидат. Нан және нан-тоқаш өнімдерін өндіретін кәсіпорындардың инновациялық қызметін дамытудың басым бағыттарын жетілдіру бойынша автордың ұсыныстары алғаш рет жасалынған. Бұл жұмыстың толық жаңа ғылыми жаңалығы болып табылады.<br>7.1 дәлелденді<br>7.2 жоқ<br>7.3 иә<br>7.4 кең<br>7.5 иә, Muratova R.A., Mukhametzhanova Zh.S., et. all. Prospects of industrial and innovative development of the economy of Kazakhstan in modern conditions // Вестник Карагандинского университета. Серия Экономика. –Караганды: «Карагандинский университет им. Академика Е.А. Букетова», 2020. –№ 4(100). – С.104-113. |
| 8. | Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі | 8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған<br>1) <u>иә;</u><br>2) жоқ | Диссертацияның негізгі қағидаттарын ұсыну әдістемесі жұмыста жеткілікті түрде жақсы және нақты негізделген. Әдістерді қолданудың дәлелі ретінде зерттеу әдісін таңдаудың дұрыстығын растайтын әдебиет көздері келтірілген. Зерттеу әдістемесі бір мәселені шешуге бағытталған, бірнеше зерттеу әдістері арқылы ұсынылған. Бұл алынған нәтижелердің сенімділігін арттырады. |
| | | 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: | Қолданбалы зерттеулер үдерісінде ізденуші заманауи талдау әдістерін: эконометриялық, экономикалық–математикалық, статистикалық, сандық және факторлық талдау әдістерін, салыстыру және болжау әдістерін қолданған. Модельдеу Gretl, Excel бағдарламалары, статистикалық талдау SPSS пакеті арқылы орындалған. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 1) иә;<br>2) жоқ | |
| | | 8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):<br>1) иә;<br>2) жоқ | Құрылған эконометриялық, экономикалық–математикалық модельдер эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған.<br>Инновациялық жаңалықтарды өндіріске енгізуге байланысты нан және нан-тоқаш өндірісінің табысын болжаудың үлгісі «Алмалы Нан» ЖШС-нің тәжірибесіне енгізілген. Нан өнімдерін өндіретін кәсіпорындардың өндірісті талдау немесе болжау кезеңінде қолдануға болатындығы көрсетілген. |
| | | 8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған | Диссертациялық зерттеуді жазу кезінде академиялық адалдық принципі сақталған. Пайдаланылған мәліметтер мен материалдар сәйкес сілтемелермен, диссертациялық зерттеудегі маңызды мәлімдемелермен расталған. |
| | | 8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз | Зерттеудің ақпараттық базасын зерттеу мәселесін зерделейтің отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми жарияланымдары болып табылады. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі зерттеу мәселесін зерделеуге, оны шешу жолдарын нақты талдауға жеткілікті. |
| 9 | Практикалық құндылық принципі | 9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:<br>1) иә;<br>2) жоқ | Диссертацияның теориялық маңызы зор. Зерттеу жұмысының барысында пайдаланылған теориялық-әдіснамалық ұстанымдар мен принциптерді болашақта басқа да ғылыми жұмыстарға қолдануға болады. Еліміздегі нан өнімдерін шығаратын кәсіпорындар үшін ұсынылған инновациялық қызметті дамытудың басым бағыттары кәсіпорындарда инновациялық даму стратегиясын құру кезінде пайдалануға болады. |
| | | 9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:<br>1) иә;<br>2) жоқ | Инновацияны өндіріске енгізуге байланысты нан және нан-тоқаш өндірісінің табысын болжаудың үлгісі «Алмалы Нан» ЖШС-нің тәжірибесіне енгізілген. Сонымен қатар нан өнімдерін өндіретін кәсіпорындардың өндірісті талдау немесе болжау кезеңінде қолдануға болатындығы дәлелденген. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Себебі, нақты деректер мен эксперименттік зерттеулермен негізделген практикалық ұсыныстар осыған дейін жасалмаған. Сондай-ақ жұмыстың қағиадаттары мен тұжырымдарында, қорытындысында көрініс тапқан. |
| 10. | Жазу және ресімдеу сапасы | Академиялық жазу сапасы:<br>1) жоғары;<br>2) орташа;<br>3) орташадан төмен;<br>4) төмен. | Диссертациялық жұмыс ғылыми тілде жоғары деңгейде талапқа сай жазылған. Академиялық жазу сапасы жоғары, мәтіні қолжетімді тілде берілген. |

Диссертациялық жұмыс толығымен аяқталған ғылыми жұмыс болып табылады. Зерттеу нәтижесінде жасалынған тәжірибиелік тұжырымдарын тамақ өнеркәсібі саласындағы кәсіпорындарды инновациялық дамытуда пайдалану ұтымды болып табылады. Мухаметжанова Жадыра Сайлаубековнаның «Кәсіпорынның инновациялық дамуының басым бағыттары (Алматы облысының тамақ өнеркәсібі саласындағы кәсіпорындар мысалында)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының сапасы ҚР БҒМ 2011 жылғы 31 наурызындағы №127 «Дәрежелерді беру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығында қойылған талаптарға сәйкес келеді. Ал, оның авторы «6D050600-Экономика» философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты.

**Ресми рецензент:**
**Абылай Хан атындағы**
**Қазақ Халықаралық Қатынастар және**
**Әлем Тілдері Университетінің**
**«Халықаралық туризм менеджменті» кафедрасының**
**профессоры, экономика ғылымдарының кандидаты** **Қайырбаева А.Е.**

Қойылған А.Е. Қайырбаеваның
қолтаңбасын растаймын
Кадрлар бөлімінің инспекторы
Подпись ________ заверяю
Инспектор отдела кадров